

- 8 Ю.А. Шулика. По системе СПЕЦНАЗА. Боевое самбо и прикладные единоборства. -Ростов – на Дону: «Феникс», 2004. – 450 с.
- 9 Қ. Рысбекұлы. Қазақ балуандары.Тарихи-деректі басылым. –Алматы: Ер-Дәулет, 1996. - 460 б.
- 10 Е. Алимханов. Самбо күресін үйрету негіздері. -Алматы: ҚазМСТА. 1999 ж

Талғат Л.А., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, Дф – 31 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Ашимханова Г.С.*)

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім берудің мазмұны жанарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Қазіргі уақытта білімнің мазмұнын, технологияларын, нысандарын және түзету-дамыту әдістерін онтайландыру жолдарын қарқынды іздестірулері болып жатыр. Тұтас білім беру жүйесін құрылымдандыру және білім беру буындарының әрекетін нысаналы үйлестіру – бұнын бәрі және бұдан да басқа стратегияны және Қазақстандағы арнайы білім беру жүйесінің тактикасын қайтадан қарастыру талап етеді. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай түзете- дамыта оқытуда қажетті технологияны таңдау .

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық- технологиялық құралдардың жиынтығы болып табылады.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс- әрекетті өзгерту), білім ді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс –әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Ақпараттық технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады[2].

Түзете-дамыту жұмысында АКТ-ны қолдануды жоспарлаудың негізгі талаптары:

- * Психологиялық ахуал туғызу, дамуындағы кемшіліктің ескеру;
- * Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту;
- * АКТ-мен жұмыс істей білуге үйрету;
- * АКТ-мен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы;
- * Топ оқушыларының білім деңгейі мен танымдық қабілеттері ескерілуі қажет;
- * Тапсырмаларды орындауда оқушыға таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін болдырмау;
- * Оқушылар өзінің үйренгенін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау.

АКТ-ның мақсаты:

- * оқушының танымдық белсенділігін арттыру;
- * алған білімдерін талдап, өмірде пайдалануға үйрету;
- * шығармашылық белсенділігін арттыру;

- * оқушылардың білімге деген қызығушылығын дамыту;
- * топтасып және ұжымдасып жұмыс істеуге тәрбиелеу;
- * тіл байлығын жетілдіру;
- * танымдық процестерді түзетіп, дамыту.

Әр түзету сабағында немесе белгілі бір іс-шараны өткізуде ең алдымен бір тұтас төрттік (білім беру, тәрбиелеу, дамыту және коррекциялық (түзету)) мақсат қойылады. Осы мақсатқа жетуде оң нәтиже алу, оның дұрыс ұйымдастырылуында. Арнайы мектеп маманы баланың дамуындағы кемшілікті басты назарда ұстап, сабақтың (шараның) құрылымын, өту сатыларын, жүргізу әдіс-тәсілін, қолданылатын техникалық құралдарын іріктеу, білім, білік, дағдыларды тексеру мен түзету жұмыстарын жоспарлап, тиянақтап ойластырғанда ғана өз мақсатына жетеді. Осы тұста сөз еткелі отырған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, оның барлық мүмкіндіктерін тиімді қолдану оқушының білімге өз бетімен ұмтылуын, ойлау белсенділігі мен даму кемістігін түзету дәрежесі артады [3].

Электрондық оқыту- дидактикалық, әдістемелік, интерактивті бағдарламалық жүйе және ол оқу материалынан кездесетін қиындықтарды артта қалдырады әрі мультимедианың соңғы мүмкіндіктері қолданылады. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаңа сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады. Мультимедианың әдістемелік күші оқушыны дыбыспен, бейнекөрінісімен тез қызықтырып, көңіл күйіне көмек береді. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдап көрсетуге болады. Бұл мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі [4].

Мәтінді көре отырып тыңдауды қалыптастыруды сөз етсек, ең алдымен, жаңа техникалық құрал-жабдықпен, яғни интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу технологиясы алға тартылады. Бұл- жаңашыл аудиовизуалды техникалық құрал- жабдықтар мен оқытудың үдемелі қарқынды әдістерін қолдану арқылы оқушыларды қызықтырып, сабаққа белсенді түрде қатысуын арттыратын, материалды меңгеруді жеңілдететін, сонымен қатар кемтар балаларға көмектескісі келетін мұғалімдерге өте тиімді таңдау. Қазіргі заманғы аудиовизуалды оқыту құралдары сабақты түрлендіруде үлкен көмегін тигізеді: мұғалім сабақта бір мезгілде мәтінді, аудио және бейне материалдарды, DVD, CD-ROM және интернет ресурстарын қолдана алады. Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды оқытуда интерактивті тақтада жұмыстану оқушының жеке басына, оның жан толғанысына және сезіміне әсер ете отырып, олардың сөйлеу қабілетінің дамуына, танымдық іс-әрекетінің шындалуына, өзара пікір алмасуына әкеледі. Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады.

Интерактивті тақтаны қолданудың мүмкіндіктері:

- түзете-дамыту сабақтарында мұғалімдерге электрондық картамен, тірек сызбаларымен, суреттермен жұмыстануға мүмкіндік береді;
- балалардың ой-өрісіне, сөйлеу әуезділігіне мотивация туғызады;
- дәстүрлі ойын қызмет сюжетінің кеңеюі артады ;
- жеке өзінің дидактикалық материалдарынды тез жинақтауға мүмкіндік туғызады ;
- түзете-дамыту сабақтарына қызығушылықтарын оятады;
- балалардың эмоционалдық тонустарының күшейген кезде, қабылдаған материалдың есте сақтау мүмкіндігі арта түседі;

Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді [5].

Түзете-дамыту жұмысында АКТ-ны қолдану нәтижесінде:

- бірін-бірі тыңдай білу дағдылары қалыптасады;
- топпен белсенді жұмыстанады
- АКТ-мен жұмыстануға үйренеді;
- бірін-бірі бағалайды, өздерін бағалайды;
- оқушының жеке қызығушылығын оятады, білім сапасын арттырады;
- оқытушының уақытын үнемдейді, қосымша мәліметтер береді.

Қорыта келе мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану: біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады. Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан 30 қаңтар 2010.
2. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.
3. «Дефектология» журналы №2, 2009.
4. «Информатика негіздері» журналы №1, 2010.
5. Информационные технологии. – Москва, 2005.

Тапалова А.К., Мухамедзянова А.В., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, факультет физической культуры и спорта, магистранты гр. ФКиС-22
(*Научный руководитель – к.б.н., профессор Кузнецова Л.С.*)

ИЗУЧЕНИЕ КООРДИНАЦИОННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ У ДЕВОЧЕК 6-7 ЛЕТ НА ЭТАПЕ ОТБОРА И НАЧАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ГИМНАСТИКЕ

Современная художественная гимнастика характеризуется напряженностью соревновательной деятельности и тренировочного процесса, постоянно повышающейся координационной сложностью выполняемых упражнений, необходимостью формирования стабильных и надежных технических навыков [1,2]. Специфика художественной гимнастики как вида спорта обуславливает неодинаковые требования к развитию различных двигательных способностей. Для оптимального построения тренировочного процесса в художественной гимнастике необходимо уже на начальном этапе предвидеть те ведущие факторы, которые обеспечат высокий и стабильный результат в спорте высших достижений. Изучению факторной структуры функциональной и двигательной подготовленности гимнасток был посвящен ряд исследований. Среди значимых факторов, определяющих пригодность к спортивному совершенствованию, в первую очередь называются такие, как: ловкость, гибкость, точность мышечных ощущений, динамическое равновесие, прыгучесть [3,4].

В комплексе спортивных способностей, определяющих перспективность спортивного совершенствования в художественной гимнастике, важное место занимают координационные способности. Важнейшими из них в структуре координационной подготовленности в художественной гимнастике являются способности к реагированию, ориентированию в пространстве и времени, согласованию, дифференцированию движений, равновесию, статокинестетической устойчивости, темпо-ритмовая способность. Высокая генетическая обусловленность КС дает основание специалистам принимать их во внимание в качестве критериев спортивного отбора и оценки пригодности юных спортсменок. Высокий уровень исходных показателей и темп прироста названных выше способностей является значимым фактором, характеризующим двигательную одаренность в художественной гимнастике [5].

Следует отметить, что для художественной гимнастики характерно привлечение девочек к занятиям, начиная с 6-7 лет. Ранняя специализация в виде спорта требует от тренера знания возрастных особенностей развития детского организма, развития двигательных способностей, а также владения методикой отбора с учетом этапа подготовки.